

**25**  
лет



Международная  
Академия  
Бизнеса

**Сборник научных статей  
по результатам круглого стола**

**Применение проектно-ориентированного  
подхода к реализации крупных  
республиканских мероприятий**

**посвященного проведению Всемирной Выставки  
ЭКСПО-2017 в Казахстане**

28 июня 2013 год

Сборник научно-практических материалов круглого стола на тему «Применение проектно-ориентированного подхода к реализации крупных республиканских мероприятий», посвященного проведению Всемирной Выставки ЭКСПО-2017 в Казахстане, выпускается в рамках реализации фундаментального научного проекта: «Повышение конкурентоспособности гостинично-ресторанных услуг в преддверии проведения глобально значимых международных проектов (выставки «ЭКСПО-2017» и XXVIII зимней Всемирной универсиады-2017): концептуальные основы и механизм реализации».

Под редакцией Маралбаевой Ш.М., MBA, доцента МАБ

Международная академия бизнеса

## СОДЕРЖАНИЕ

|   |  |
|---|--|
| <i>Аннакулиева Г.А.</i>                           |  |
| 1.  | Концепция ЭКСПО-2017 и экономика Центральной Азии 5  |
| <i>Бочаров Д.Н.</i>                               |  |
| 2.  | Опыт TOO Novelty в использовании проектно-ориентированного подхода при внедрении инноваций в страховом секторе экономики 8 |
| <i>Даулбаева З.М.</i>                             |  |
| 3.  | Бренд-менеджмент как процесс 15  |
| <i>Дуламбаева Р.Т.</i><br><i>Жумагулова А.Б.</i>  |  |
| 4.  | Инновационные проекты развития АПК в современных условиях 18   |
| <i>Дуламбаева Р.Т.</i><br><i>Рахымжанова К.</i>   |  |
| 5.  | Реализация проектов в редкоземельной отрасли 23  |
| <i>Закирова А.Т.</i><br><i>Липовка А.В.</i>       |  |
| 6.  | Процесс внедрения системы управления проектами на предприятии 28   |
| <i>Залучёнова О. М.</i><br><i>Каралидзе Г. В.</i> |  |
| 7.  | Актуальность внедрения проекта «Система ключевых показателей эффективности (KPIs)» для казахстанских предприятий 32        |
| <i>Коргасбеков Е.Ж.</i>                           |  |
| 8.  | Проблемы подготовки специалистов в сфере управления проектами в Республике Казахстан 36                                    |
| <i>Король Т.А.</i>                                |  |
| 9.  | Современная приватизация: Казахстанский опыт 40  |
| <i>Маралбаева Ш.М.</i>                            |  |
| 10.   | О новых тенденциях в проектном менеджменте 43  |
| <i>Момынова С.А.</i>                              |  |
| 11.   | Системный подход в проектировании маркетинговых мероприятий в организациях 48  |
| <i>Муратова Р.А.</i>                              |  |
| 12.   | Принципы проектно-ориентированного подхода в ЭКСПО-2017 55   |

- Смагулов А.М.*  
13. Управление рисками проектно-ориентированной государственной программы «Акбулак» 58
- Смагулов Е.*  
*Дуламбаева Р. Т.*  
14. Экологичность инвестиционных проектов 66
- Тулембаева А.Н.*  
*Абишов Д.А.*  
15. Қазақстандағы туристік кәсіпкерлік қызмет жобасын кешенді талдау 71
- Тулембаева А.Н.*  
*Турганбекова Б.Б.*  
16. Қазақстан Республикасында өтетін Астана ЭКСПО-2017 көрмесінің мүмкіндіктері мен мәселелері 74
- Чубисова А.*  
*Мякенькая Г.С.*  
*Чубисов И.*  
17. Формирование поведенческих компетенций 80

**А.Н. Тулембаева**  
э.ғ.д., профессор  
**Б.Б. Турганбекова**  
MSc.

Халықаралық бизнес академиясы,  
Алматы қ.

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨТЕТІН АСТАНА ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*ТМД елдерінің тарихында әлі болмаған, ең ірі халықаралық маңызы бар іс-шаралардың бірі – ЭКСПО көрмесі болып табылады. 2012 жылы 22 қарашада өткен Халықаралық көрмелер бюросының мүшесі болып табылатын, 161 елдің өкілдері қатысқан жасырын дауыс беру нәтижесі бойынша көрменің 152-ші Бас Ассамблеясының ұйымдастырушысы болып, Қазақстанның астанасы Астана қаласы көп дауыс жинап, ЭКСПО-2017 өткізу орны ретінде жарияланды.*

Астанада өтетін ЭКСПО-2017 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтіп, 3 айға жалғасады. Осы көрмеге әлемнің 100 елі мен он шақты халықаралық ұйымдар қатысады деп болжануда. Қазіргі таңда көрмені өткізуге арналған жалпы жер көлемі 113 га, ал көрме павильонының көлемі 25 га құрап отыр [1].

Бүгінгі таңдағы экология және энергетиканың маңызды мәселелерін ескере отырып, көрмені өткізу үшін, Қазақстан «Болашақтың энергиясы» атты тақырыбын ұсынды. Бұл тақырып энергияны үнемдеу мен энергияның балама көздерін табу мәселелерін ашуға үлкен мүмкіндік береді.

«Болашақтың энергиясы» жобасы нақты мақсаттарды алға қояды – энергия көздерінің тұрақты дамуына бағытталған бағдарламалар мен технологияларды, стратегияларды зерттеу, энергияны жабдықтаудың тиімділігі мен сенімділігін арттыру, жаңа энергия көздерін қолдануды ынталандыру және энергетикалық ресурстарды тиімді қолдану мен энергияны үнемдеу өндірісінің жоспарын әзірлеу мен оны іс жүзіне асыруда, көрушілердің белсенді қатысуының қажеттілігін көрсету.

2013 ж. 8 қазанда Тәуелсіздік сарайында «Болашақ энергиясы: сын-қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер» тақырыбына пікірталас өтті. Аталған сессия ұйымдастырушылары Астана EXPO-2017 және «KAZENERGY» Білім беру бағдарламасы болып табылады.

Пікірталастың мақсаты жастар назарын энергетика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы сын-қатерлерге аудару; тұрақты энергетикалық болашаққа өтудің мүмкіндіктері мен қиындықтарын пысықтау; энергоресурстармен және экологиялық қауіпсіздікті күшейтумен қамтамасыз ету; ғаламшардың энергетикалық саласын одан әрі дамыту жолдарын және «жасыл» технологияларды енгізу қажеттілігін талқылау болып табылады.

Жастар пікірталасы екінші жыл қатарынан өткізілуде және ЭКСПО-2017 мен KAZENERGY үшін жақсы дәстүрге айналды. Ұйымдастырушылары KAZENERGY Білім беру бағдарламасы және Жастар комитеті болып табылатын KAZENERGY Халықаралық Жастар форумы жыл сайынғы KAZENERGY Еуразиялық форумы шеңберінде өткізілуде. KAZENERGY Еуразиялық форумы – 200-ден астам Қазақстанның жас лидерлері, сондай-ақ энергетикалық сектор, бизнес және мемлекеттік билік өкілдері қатысатын ірі халықаралық оқиға [2].

Халықаралық көрменің 160 жылдан астам тарихына көз жүгіртсек, олар көбінесе келесідей экономикалық гигант елдерде өткізілген – Англия, Франция, Германия, Жапония, АҚШ, Бразилия, Канада, Испания, Қытай және тағы басқа елдерде өткізілген. Көптеген елдерде өткен көрменің нәтижесі ел экономикасына елеулі жетістіктер мен табыстар алып келгенін көре аламыз. Мысал ретінде төмендегі елдерде соңғы 10 жыл аралығында өткен көрмелерді алсақ болады.

ЭКСПО-2008 Испанияның Сарагос қаласында өтті. Көрме «Су және тұрақты даму» тақырыбында өткізілді. Сарагос қаласының 650 мың тұрғындарымен, көрмелік павильон ауданы 61,7 мың кв.м., құрады, 20 мың адамға жұмыс орындары ашылды. Құрылыс пен инфрақұрылымға кеткен инвестиция көлемі 1,5 млрд. евроны құрады. Көрушілердің саны 6 млн. адамға жетті [3].

Қытайда өткен көрме ЭКСПО -2010 Шанхай Қытай деп аталды. Бүкіл әлемдік көрме Шанхай қаласында, 2010 жылы 1 мамыр мен 31 қазан аралығында өтті. Көрме келесі тақырыпта өтті: «Қала жақсы болса, өмір сүру жақсы» (ағылшын тілінде, Better City – Better Life). ЭКСПО-2010 көрмесі болашақтың қаласын моделдеу арқылы, сыртқы ортаның ластануы, қылмыстық деңгейді төмендету, ресурстардың қысқаруы секілді мәселелерге қатысты концептуалды шешімдерді ұсынды. Көрменің жалпы ауданы - 5,28 км² құрады. Көрмеге 190 аса елдер қатысты. Көрмені 73 млн аса адамдар тамашалады. Іс-шараның ұйымдастырушылары 12 млрд. доллар табыс әкелді. Орта бизнестің табысы кемінде 20 пайызға артты [4].

Дүниежүзілік ЭКСПО-2012 көрмесі Кореяның Йосу қаласында, 12 мамыр мен 12 тамыз аралығында өтті. Көрме «Тірі мұхит және жағажай: ресурстарды рационалды қолдану және тұрақты даму» тақырыбында өткізілді. Көрмені ұйымдастырушылар қоршаған ортаға зиян келтірмейтін,

алдыңғы қатарлы экотехнологияны көрсеткілері келді. ЭКСПО-2012 көрмесіне әлемнің 104 елінен келген 8 млн адам қатысты. Көрме ауданы – 1,74км<sup>2</sup> құрады. Бүкіл әлемдік ЭКСПО-2012 көрмесі Оңтүстік Корея экономикасы үшін өте маңызды болды. Ел экономикасына түскен табыс, көрме территориясын жабдықтау мен қызмет көрсетуге кеткен инвестициялардан асып түсті. Барлық ел аймағында көрмеге арналған өнімдерді өндірген салаларда 79000 жаңа жұмыс орындары ашылды [5].

Жоғарыда ЭКСПО көрмесі өткен дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, Қазақстан үшін ЭКСПО-2017 көрмесі жақсы нәтижелер алып келеді деген батыл болжамдар айтуға болады.

*Астанада өтетін ЭКСПО-2017 көрмесінің негізгі шараларын қарастырып өтейік.* Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылы 15 қаңтарда ЭКСПО-2017 ұйымдастыру мен өткізудің Ұлттық жоспары бекітілді. Ұлттық жоспарда, көрмені өткізуге байланысты административтік, ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, техникалық іс-шаралардың кеңейтілген тізімі анықталған.

Сонымен қатар, 2013 жылдың қаңтар айында, жарғылық капиталындағы жүз пайыздық мемлекеттің қатысуымен өтетін, АҚ «Ұлттық компания «Астана ЭКСПО-2017» құрылды, бұл ұйым Ұлттық жоспарды іс жүзіне асыруда негізгі реттеуші рөлді атқарады.

Ұлттық жоспардың іс-шараларының ішіндегі келесідей негізгі іс-шараларды атап өтуге болады:

1) 2013 жылдың қазан айында ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастырудағы қажетті инвестиция көлемін, қаржыландыру көздерін анықтау бойынша, ұсыныстарды әзірлеу жұмыстары дайын болады, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік механизмі басым болады;

2) ЭКСПО-2017 көрмесін өткізудің кейбір сұрақтары жөнінде заңдық жоспар 2013 жылдың қыркүйек айында әзірленеді деп болжануда. Біздің болжауымыз бойынша, мемлекеттік өкілетті орындар шеңберін анықтау, ЭКСПО-2017 көрмесінің негізгі құрылыс объектілеріне берілетін жер мәселесі бойынша құқықтық механизмдер секілді сұрақтар заңмен реттеледі. Сонымен қатар, біздің болжауымыз бойынша, ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық шеңберінде салық салу операцияларының негізгі принциптері, сонымен бірге, дайындық іс-шаралары бойынша инвестицияларды тарту әдістері заңмен анықталады. Мүмкін, құжат айналымы, лицензиялар мен рұқсат алу сұрақтары бойынша, жеңілдетілген рәсімдер анықталады;

3) 2013 жылдың наурыз айында, ЭКСПО-2017 көрмесін өткізудің жобалар концепциясын, мастер-жоспар және халықаралық кеңес берушілерді шақырумен бірге көрме территориясының эскизді жоспарын әзірлеу жұмыстары басталды. 2013 жылдың қазан айында, көрмені өткізу шеңберінде қажетті ғимараттар, нысандар мен коммуникациялардың нақты тізімі анықталады;

4) Астана территориясында және оның шеткі аймағында, бірнеше нысандар оның ішінде көрме павильондары, эко- және этно-ауылдар, қонақ үй кешендері, демалыс үйлері, сервис пунктері, сауда орталықтары

Астанадан 30 километр радиусында бой көтереді. Сонымен қатар, «ЭКСПО-сити» атты тұрғын үй бой көтереді деп болжануда;

5) 2013 жылдың маусым айында, көрмені өткізу шеңберінде авто көлік, темір жол және ауа транспорттарының инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар талқыланды, ұсыныстарды қарастырып, бекіткеннен кейін, сәйкесінше нысандар соғыла бастады. Бірқатар іс-шаралар «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпқа сәйкес жоспарлануда, атап айтқанда, 2013-2017 жж. болашақтың энергиясын Кешенді дамыту жоспарын әзірлеу жоспарланды [6].

*2013 жылдың 30 қыркүйегінде* Астанада Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігінің БҰҰ-ның Даму Бағдарламасымен бірлесіп ұйымдастырған «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы және «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі бойынша халықаралық конференциясы өтті.

Конференция жұмысына Еуропалық Одақ, Орталық Азия аймағы және басқа да іргелес мемлекеттердің табиғат қорғау ведомстволарының басшылары, Қазақстанның мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдар мен жеке компаниялардың өкілдері, сондай-ақ, экологиялық таза энергия мен «жасыл» өсу салаларындағы халықаралық сарапшылар қатысты.

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы «жасыл» экономикаға көшудің практикалық механизмі болғандықтан, Еуропа, Азия және Тынық Мұхиты аймақтарындағы мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, қоғамдық және бизнес секторларының өзара ықпалдасуын талап етеді.

«Жасыл көпір» бастамасын Азия мен Еуропаның «жасыл» өсу мәселелері бойынша өзара келісім платформасы және интеграциялық құралы ретінде ендірудің негізгі кезеңі – Астанада өткізілген конференция деп білу керек.

Конференцияға қатысушылар «жасыл» жаңғыртуға көшу мәселелерін, атап айтқанда, су және басқа табиғи ресурстарды орнықты басқару, жаңартылатын энергия көздерін және ауыл шаруашылығын дамыту, сондай-ақ, климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерді талқылады.

Конференция сессияларының бірі еліміздің орнықты дамуын камсыздандыратын маңызды құралы – Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі Тұжырымдамаға арналып ұйымдастырылды. Осы тұрғыдан «Астана ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесі елдің экономикасының «жасыл» жаңғырту үрдісіне қосымша жағдайлар тудыратындығын айту керек. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның стратегиялық мақсаты – дүние жүзінің 30 экономикалық дамыған мемлекеттер қатарына қосылуына зор мүмкіндік береді [7].

Сонымен, жақын арада ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге дайындық бойынша, нормативті-құқықтық база құрылып, соның шеңберінде құрылыс, инфрақұрылымды дамыту, туризм және шағын бизнесті дамыту бойынша масштабты іс-шаралар іс жүзіне асырылады.

Дегенмен, жоғарыда аталып өткен іс-шараларға қарамастан бізде бірқатар мәселелер бар:

1) Бірінші мәселе, болжанып отырған көрмені тамашалайтын 5 млн. адамды орналастыру. Бүгінгі таңда, Астана қаласында 2013 жылдың қаңтар-маусым айларындағы статистикалық мәліметтер келесідей болды: қонақтарды орналастырудың -136 орны, нөмерлер саны - 5150, күндігіне ұсынатын төсек саны - 514223 құрады. Көрмеге келетін қонақтарға лайықты қызмет көрсетуге, оларды орналастыруға бұл орындар жеткілікті. Сәйкесінше, біз осы қонақтарды орналастыру мәселесін шешпесек, потенциалды көптеген туристерді жоғалтамасыз. Бұл бізге өте тиімсіз [8].

2) Екіншіден, көрмеге байланысты көптеген ғимараттардың құрылыстары жүрмек. Осы жерде, біз Астананың климатын ескеру қажетпіз. Демек, 2017 жылға дейін біз барлық ғимараттарды салып үлгереміз бе, сол мәселені шешу керек, өйткені Астана қаласында қыс қатаң, тіпті кейде 6 айға дейін созылуы мүмкін. Бұл құрылыс үдерісін тежейді.

3) Үшінші, транспорт мәселесі. Астанаға 3 ай аралығында 5 млн. жуық туристер келеді деп болжануды. Осыған орай, Астана қаласының аэропортына үлкен салмақ түспек. Астана аэропортының қуаттылығын қарастыратын болсақ, ол тәулігіне 40 жуық самолеттарды ұшырады. Әуежайдың максималды өткізгіштік мүмкіндігі – сағатына 750 адам. Әуежай 2012 жылы 2 303 143 жолаушыларға қызмет көрсеткен. Ал 2013 жылы бұл санды 2 500 000 жолаушыларға жеткізу болжануда. Егер де, Астана қаласына 2017 жылы Зай аралығында 5 млн. жуық туристер келеді деп есептесек, әуежайдың қуаттылығы жеткілікті. Осы мәселені дер кезінде шешу керек [9].

4) Төртінші, көрме қарсынында келетін туристерге лайықты қызмет көрсету үшін, алдын ала маркетингтік зерттеулер жүргізу керек. Ол дегеніміз, бізге қай елден көбірек туристер келуі мүмкін, сол елдерді анықтап, туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын ойын-сауық, тамақтану секілді ұсыныстарды ұсыну қажет.

Жоғарыда айтылған мәселелер дұрыс шешімін тапса, Қазақстан үшін ЭКСПО-2017 көрмесінің нәтижелері қандай болмақ, сол жайында келесідей болжауларды қарастырып өтсек.

Жоғарыда айтылып өткен жайыттарды қорытындылай келе, ЭКСПО -2017 көрмесі, еліміздің жаңа тарихында маңызды оқиға болып қалмақ, ал ол іс-шараның өткізілуі, еліміздің сыртқы имиджін қалыптастыруда, экономика және мәдениеттің дамуында үлкен үлесін қосады деп батыл болжамдарды айтуға болады.

Атап айтқанда, елеулі инвестиция ағымы, Астананың және оның маңындағы территорияның инфрақұрылымына, туризм сферасына, транспорттық нысандардың құрылысына, коммерциялық жылжымайтын мүлікке, тұрғындарға қызмет көрсету сферасының дамуына тартылады.

ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге және оның дайындығына қатысу, қазақстандық және шетелдік құрылыс компаниялары, жобалау мен жоспарлау бойынша консультанттары, альтернативті энергия көздері мен энергияны үнемдейтін технологияларды қолдану бойынша консультанттары, туристік қонақ үйлер мен компаниялары, транспорттық компаниялар мен

тағы да басқа компаниялары үшін үлкен мүмкіндіктер мен табыстар әкелуі мүмкін.

Бұл көрме біздің елімізге жаңа энергетикалық және «жасыл» технологияларды алуға үлкен мүмкіндік береді. Ақорданың ресми сайтында жарияланған, Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу туралы шешім қабылдауымен байланысты, ел президентінің халыққа арналған үндеуінде: «Бұл Қазақстанға ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу мен дайындық барысында түсетін миллиардтаған доллар инвестициялар, сонымен қатар, олардың нысандарын ары қарай қолдану», - деді [10].

Сонымен қатар, он мыңдаған жұмыс орындары ашылып, ішкі туризм қарқынды дамып, шетелдік туристердің ағымы арта түседі деп күтілуде. Көрмелік нысандардың құрылысына тартылатын инвестициялардан басқа, келесідей экономикалық нәтиже күтілуде: ЭСПО көрмесінің шеңберінде салынатын нысандар, болашақта Қазақстанды және оның астанасын, ірі халықаралық, көрмелік және ақпараттық-презентациялық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Көрме Астана және оның аумағындағы аймақтардағы шағын және орта бизнестің дамуына үлкен үлес қоспақ. Ең алдымен – бұл тұрғындарға қызмет көрсету, қонақ үй бизнесі мен ішкі туризм сферасы.

#### *Әдебиеттер:*

1. Международная специализированная выставка ЭКСПО-2017, [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: <http://www.gratanet.com/ru/azerbaijan/news/2013/February/952>
2. Болашақ энергиясы: сын-қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер, [Электрондық ресурс], Қол жетімділік режимі: <http://www.expo2017astana.com/kz/news/kazenergypressanons>
3. Сапарос ЭКСПО-2008, [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: [http://en.wikipedia.org/wiki/Expo\\_2008](http://en.wikipedia.org/wiki/Expo_2008)
4. Қытайдағы ЭКСПО-2010, [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Всемирная\\_выставка\\_\(2010\)](http://ru.wikipedia.org/wiki/Всемирная_выставка_(2010))
5. Кореядағы ЭКСПО -2012, [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Всемирная\\_выставка\\_\(2012\)](http://ru.wikipedia.org/wiki/Всемирная_выставка_(2012))
6. Международная специализированная выставка ЭКСПО-2017, [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: <http://www.gratanet.com/ru/azerbaijan/news/2013/February/952>
7. <http://www.eco.gov.kz>
8. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
9. Астана (аэропорт) [Электрондық ресурс], – Қол жетімділік режимі: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Астана\\_\(аэропорт\)](http://ru.wikipedia.org/wiki/Астана_(аэропорт))
10. <http://www.expo2017astana.com/>